

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 4 желтоқсандағы № 804 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 13 шілдедегі № 560 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 13.07.2023 № 560 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2018 жылғы 4 желтоқсандағы  
№ 804 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

**1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.06.2022 № 355 қаулысымен.**

2. "Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу, келісу, мемлекеттік тіркеу және олардың күшін жою қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 қазандағы № 568 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 49, 313-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу, келісу, мемлекеттік тіркеу және олардың күшін жою қағидалары осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, олардың келісілу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 қазандағы № 569 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 50, 316-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, олардың келісілу қағидалары осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2018 жылғы 4 желтоқсандағы  
№ 804 қаулысына  
1-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2016 жылғы 6 қазандағы  
№ 568 қаулысымен  
бекітілген

## **Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу, келісу, мемлекеттік тіркеу және олардың күшін жою қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу, келісу, мемлекеттік тіркеу және олардың күшін жою қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 44-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және мынадай нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу, келісу, мемлекеттік тіркеу және олардың күшін жою тәртібін айқындайды:

1) Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және өзге де орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық қаулылары;

2) Қазақстан Республикасы министрлерінің және орталық мемлекеттік органдардың өзге де басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары;

3) орталық мемлекеттік органдардың ведомстволары басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары;

4) мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдері, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулылары, әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдері және тексеру комиссияларының нормативтік құқықтық қаулылары.

Қағидалардың 1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген орталық және жергілікті органдар әзірлеуші мемлекеттік органдар болып табылады. Бұл ретте, Қағидалардың 1-тармағының бірінші бөлігінің 1) – 3) тармақшаларында көрсетілген органдар орталық органдар деп, ал мәслихаттар, әкімдіктер, тексеру комиссиялары мен әкімдер жергілікті органдар деп түсініледі.

2. Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу Заңның 22 - 28-баптарының, осы Қағидалардың, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 қазандағы №

569 қаулысымен бекітілген Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, келісу қағидаларының (бұдан әрі – Әзірлеу қағидалары) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 703 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларының (бұдан әрі – Құжаттама жасау қағидалары) талаптары сақтала отырып жүргізіледі.

## **2-тарау. Мемлекеттік органдарда нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу және келісу тәртібі**

### **1-параграф. Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу**

3. Нормативтік құқықтық актіде Заңның 22-бабында көзделген деректемелер болуға тиіс.

Заңның 22-бабының 1) тармақшасында көрсетілген деректеме электрондық құжат айналымы кезінде электрондық бланкінің өзінде орналастырылады.

Заңның 22-бабының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген нормативтік құқықтық актінің деректемелері электрондық құжат айналымы кезінде мемлекеттік органдардың интранет-порталының (бұдан әрі – МО ИП) электрондық тіркеу бақылау карточкасында және электрондық бланкіде орналастырылады.

Заңның 35-бабының негізінде тиісті нормативтік құқықтық актіге қол қоюға уәкілетті адамның немесе оның міндетін атқарушы адамның лауазымын, тегін және аты-жөнін әзірлеуші мемлекеттік орган (бірлескен нормативтік құқықтық акт әзірленген жағдайда – негізгі әзірлеуші жауапты мемлекеттік орган) электрондық тіркеу бақылау карточкасында көрсетеді.

Тиісті нормативтік құқықтық актіні келісуші мүдделі мемлекеттік орган адамының немесе оның міндетін атқарушы адамның лауазымы, тегі және аты-жөні электрондық тіркеу бақылау карточкасында көрсетіледі.

Электрондық құжат айналымы кезінде электрондық тіркеу бақылау карточкасы Заңның 22-бабының 8) тармақшасында көрсетілген деректемеге теңестіріледі.

Электрондық құжат айналымы кезінде нормативтік құқықтық актінің қалған деректемелері электрондық тіркеу бақылау карточкасына орналастырылады.

МО ИП-қа қолжетімділік болмаған немесе "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгіні орналастыру үшін негіздер болған кезде нормативтік құқықтық актінің деректемелері мен мәтіні тікелей қағаз бланкіге орналастырылады.

Электрондық бланкідегі нормативтік құқықтық акт және электрондық тіркеу бақылау карточкасы, сондай-ақ нормативтік құқықтық актіге қоса тіркелетін жеке файлдар түріндегі құжаттар бірыңғай электрондық құжатты құрайды.

4. Әзірлеуші мемлекеттік органда электрондық құжат айналымы шеңберінде нормативтік құқықтық актіні қабылдау Заңның 35-бабы негізінде тиісті нормативтік құқықтық актіге қол қоюға уәкілетті адамның немесе тиісті акт негізінде оның міндетін атқарушы адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

Көрсетілген адамдар қағаз құжат айналымы кезінде Құжаттама жасау қағидаларының талаптарын ескере отырып, қағаз бланкіге қол қояды.

5. Қағаз құжат айналымы кезінде нормативтік құқықтық актіні қабылдаған (келіскен) органның заң қызметінің басшысы, ал ол болмаған жағдайда – оның міндетін атқаратын адам осы қабылданған актінің әр парағын дәйектейді.

Көрсетілген заң қызметі болмаған жағдайда, парақтап дәйектеуді осы Қағиданың 24-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген адамдар жүргізеді.

6. Нормативтік құқықтық актілердің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің сәйкестігін нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеуге ұсынған орталық және жергілікті органдар қамтамасыз етеді.

7. Нормативтік құқықтық актінің мазмұндық бөлігі электрондық бланкте \* docx форматында мынадай параметрлер ескеріле отырып ресімделеді:

1) сол жақ шет сызығы – 2,5 сантиметр, оң жақ шет сызығы – 1,5 сантиметр, колонтитулдар – 2,5 сантиметр;

2) қаріп – № 14 мөлшеріндегі "Times New Roman" (қосымшаларда кішірек, бірақ № 10-нан кем болмайтын қаріп қолданылуы мүмкін);

3) жоларалық интервал – біржолдық;

4) абзацтық азат жол (бірінші жолдың азат жолы) – 1,25 сантиметр.

Оған нормативтік құқықтық актінің жобасын келісу кезінде әділет органдарына бұрын жіберілген құжаттар қоса беріледі.

Өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актіге салыстырмалы кесте барлық қабылданған ұсынымдар, ескертулер және ұсыныстар ескеріле отырып өзекті күйде ұсынылады.

Электрондық құжат айналымы шегінде қоса берілетін құжаттардың бәрі Құжаттама жасау қағидаларында көзделген форматтарда бөлек файлдар түрінде қоса тіркеледі.

Қағаз құжат айналымы жағдайында нормативтік құқықтық акт және оған қоса берілетін құжаттар шимайсыз және түзетулерсіз ұсынылады.

Сонымен бірге, нормативтік құқықтық акт және оған қоса берілетін құжаттар парақтарының сырт жағында қандай да бір жазбаларға немесе қол қоюға жол берілмейді.

Нормативтік құқықтық актілерде және олардың қосымшаларында (нормативтік құқықтық актілердің негізгі және туынды түрлері) орфографиялық және грамматикалық қателерге жол берілмейді.

8. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде ерекшеленген әріптермен жазылатын тақырыпты, параграфтардың, тараулардың, кіші бөлімдердің, бөлімдердің атауларын, "БІРЛЕСКЕН ҚАУЛЫ", "БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ (ШЕШІМ)", "БІРЛЕСКЕН ҚАУЛЫ және БҰЙРЫҚ (ШЕШІМ)", "БҰЙЫРАМЫН (МЫЗ)", ("ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ", "ҚАУЛЫ ЕТЕДІ (МІЗ)") деген сөздерді, қол қоятын адамның лауазымын, аты-жөні мен тегін қоспағанда, жекелеген сөздер мен сөз тіркестерін бөліп көрсетуге және олардың астын сызуға жол берілмейді.

"БҰЙЫРАМЫН (МЫЗ)", "ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ", "ҚАУЛЫ ЕТЕДІ (МІЗ)" деген сөздер бас әріптермен жазылады және оларды буынға бөліп тасымалдауға жол берілмейді.

9. Нормативтік құқықтық актілерде сілтеме жасау және жазып келтіру Заңның 25-бабының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Абзацтарға және бөліктерге сілтемелер жолдарға және сөйлемдерге сілтемелер сияқты жүргізіледі.

10. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде күнін белгілеген кезде айдың атауы жазумен, ал жылы толық көрсетіледі, мысалы: "2016 жылғы 6 қаңтар".

11. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде тиісті нұсқауларды құқық нормасының мағынасына нұқсан келтірмей жазу мүмкін болмаса, нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементі ескертпемен толықтырылуы мүмкін.

12. Бірлескен нормативтік құқықтық актілер түрінде қабылданатын нормативтік құқықтық актілер ресми бланкілер пайдаланылмай ресімделеді.

13. Қағаз түріндегі нормативтік құқықтық актінің негізгі түріндегі тақырып парақтың сол жақ үстіңгі бөлігінде орналастырылуға тиіс, оң жағынан нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу туралы мөртаңбаға ені кемінде 7,5 сантиметр және ұзындығы кемінде 4 сантиметр орын қалдырылады.

14. Шешімдері бірлескен қаулылар түрінде ресімделетін нормативтік құқықтық актіні екі немесе одан да көп мемлекеттік орган қабылдаған жағдайда, актінің нысаны: "БІРЛЕСКЕН ҚАУЛЫ" деп көрсетіледі.

Шешімдері бірлескен бұйрықтар (шешімдер) түрінде ресімделетін нормативтік құқықтық актілерді екі немесе одан да көп мемлекеттік орган қабылдаған жағдайларда, актінің нысаны: "БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ (ШЕШІМ)" деп көрсетіледі.

Егер біреуінің шешімі қаулы түрінде, ал екіншісінің шешімі бұйрық (шешім) түрінде ресімделетін нормативтік құқықтық актіні екі немесе одан да көп мемлекеттік орган қабылдаса, актінің нысаны: "БІРЛЕСКЕН ҚАУЛЫ және БҰЙРЫҚ (ШЕШІМ)" деп көрсетіледі.

15. Екі және одан да көп мемлекеттік орган қабылдаған бірлескен актіні ресімдеу кезінде осы органдардың ресми атаулары қазақ тілінде әліпби тәртібімен орналастырылады.

Осы органдардың орыс тіліндегі ресми атаулары олардың қазақ тіліндегі жазылу тәртібіне сәйкес келуге тиіс.

Егер мемлекеттік органдар атауларының бірінші сөздері бірдей әріптен басталған жағдайда, мемлекеттік орган атауының келесі әрпі ескеріледі.

Мұндай жағдайда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бірінші парақтың жоғарғы бөлігінің ортасында орналастырылуға тиіс.

16. Нормативтік құқықтық актілердің туынды түрлері Заңның 28-бабының талаптары ескеріле отырып, негізгі нормативтік құқықтық актілерге қосымша түрінде ресімделеді.

## **2-параграф. Нормативтік құқықтық актілерді келісу**

17. Нормативтік құқықтық актіні келісуді мүдделі мемлекеттік органдар және /немесе ұйымдар ол қабылданғанға (жоба түрінде) дейін жүзеге асырады.

Қабылдау түпкілікті келісілген (ескертусіз) нормативтік құқықтық актінің жобасына қатысты жүзеге асырылады.

Электрондық құжат айналымы шеңберінде нормативтік құқықтық актіні қабылдау МО ИП арқылы немесе МО ИП-қа қолжетімділік болмаған жағдайда және (немесе) "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі болған жағдайда қағаз түрінде жүзеге асырылады.

18. Электрондық құжат айналымы шеңберінде бірлескен нормативтік құқықтық актіні қабылдау осы бірлескен нормативтік құқықтық актіні қабылдайтын екі және одан да көп мемлекеттік органдардың электрондық түрде келісуі жолымен жүргізіледі.

Әзірлеуші негізгі жауапты мемлекеттік орган МО ИП арқылы басқа уәкілетті мемлекеттік органдарға бірлескен нормативтік құқықтық актіні жібереді.

Әзірлеу қағидаларының талаптары ескеріле отырып, бірлескен нормативтік құқықтық актіге нормативтік құқықтық актінің жобасын келісу сатысында бұрын ұсынылған құжаттар қоса беріледі.

19. Бірлескен нормативтік құқықтық актіні келісу арқылы қабылдау Заңның 35-бабына сәйкес нормативтік құқықтық актілерге қол қоюға уәкілетті адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылады.

Көрсетілген адам болмаған жағдайда, міндеттерді жүктеу туралы тиісті актіні қоса тіркеу шартымен нормативтік құқықтық акт оның міндетін атқарушы адамның ЭЦҚ-сымен куәландырылады.

Бірлескен нормативтік құқықтық актіні келісу арқылы қабылдау туралы белгілер, сондай-ақ осы бірлескен актінің қабылданған күні мен нөмірі электрондық тіркеу бақылау карточкасында "НҚА ҚАБЫЛДАНҒАН НӨМІРІ МЕН КҮНІ" деген сөздердің және негізгі жауапты әзірлеуші мемлекеттік орган электрондық тіркеу бақылау карточкасына бұрын енгізген әрбір уәкілетті мемлекеттік органның ресми атауының тұсында көрсетіледі.

Қабылданған бірлескен нормативтік құқықтық актінің электрондық тіркеу бақылау карточкасын толтыру негізгі жауапты әзірлеуші мемлекеттік органның бақылауымен автоматты түрде жүргізіледі.

20. Мәслихат сессиясында мәслихаттың жергілікті бюджет туралы немесе оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы қабылданатын нормативтік құқықтық актісіне (шешіміне) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, мәслихаттың қабылданған тиісті нормативтік құқықтық актісі мемлекеттік тіркеуге жіберілгенге дейін ол мүдделі мемлекеттік органдармен келіп түскен күнінен бастап бір жұмыс күні ішінде түпкілікті келісілуге тиіс.

21. МО ИП-қа қолжетімділік болмаған және/немесе "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгі болған кезде бірлескен нормативтік құқықтық актіні қағаз түрінде қабылдау осы нормативтік құқықтық актіні қабылдайтын мемлекеттік орган (мемлекеттік органдар) басшысының қол қоюымен куәландырылады.

Мемлекеттік органның басшысы болмаған жағдайда тиісті құқықтық актінің қабылданғаны оның міндетін орындаушы адамның қол қоюымен куәландырылып, мемлекеттік органның бірінші басшысының міндетін жүктеу туралы актінің көшірмесі қоса беріледі.

22. Қағаз түріндегі нормативтік құқықтық актіні қабылдаушы мемлекеттік органның (мемлекеттік органдардың) басшысының қойған қолы елтаңбалық мөрмен расталады, ол нормативтік құқықтық актіге қол қойған адамның лауазымының атауынан кейін оның жеке қолын қамтымай қойылады.

Бұл талап бірлескен нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға да қатысты.

23. Бірлескен нормативтік құқықтық актіге қатысты келіспеушіліктер туындаған жағдайда ол қабылданғанға дейін бір жұмыс күні ішінде келісу консультациялары өткізіледі.

Бірлескен нормативтік құқықтық актіні келісу арқылы қабылдау МО ИП бойынша ол келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

24. Нормативтік құқықтық актіні келісуге жіберген мемлекеттік органның заң қызметінің басшысы, ал ол болмаған жағдайда – оның міндетін атқарушы адам нормативтік құқықтық актіні электрондық цифрлық қолтаңбасын қою арқылы келіседі.

Мемлекеттік органда заң қызметі болмаған жағдайда, нормативтік құқықтық актіні келісуге жауапты болып айқындалған тиісті құрылымдық бөлімшенің басшысы, ол болмаған жағдайда – оның міндетін атқарушы адам нормативтік құқықтық актіні келіседі.

Жергілікті органда заң қызметі болмаған жағдайда, нормативтік құқықтық актіні осы органда заңгер функциясын атқаратын адам, не мемлекеттік органның бірінші басшысы, не ол болмаған жағдайда – оның міндетін атқарушы адам келіседі.

"Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар нормативтік құқықтық акт үшін әрбір парағын дәйектеуді нормативтік құқықтық актіні келісуге жіберген мемлекеттік органның және келісуші мемлекеттік органның заң қызметтерінің басшылары, ал заң қызметінің басшысы немесе заң қызметі болмаған жағдайда – Қағидалардың осы тармағының екінші немесе үшінші бөліктерінде көрсетілген адамдар жүргізеді.

25. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің нормативтік құқықтық шешімі үшін әрбір парағын дәйектеуді осы органда заңгер функциясын атқаратын адам, не әкім, не ол болмаған жағдайда – оның міндетін атқарушы адам жүргізеді.

### **3-тарау. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу және олардың күшін жою тәртібі**

#### **1-параграф. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тәртібі**

26. Заңның 44-бабына сәйкес мемлекеттік тіркеуге жататын қабылданған нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне немесе оның аумақтық органдарына (бұдан әрі – әділет органдары) жіберіледі.

Мемлекеттік тіркеу әділет органдарына әзірлеуші мемлекеттік органнан келіп түскен күннен, ал бірлескен нормативтік құқықтық акт қабылданған жағдайда – негізгі жауапты әзірлеуші мемлекеттік органнан келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтер нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне енгізіледі.

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімін жүргізуді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі және оның аумақтық органдары



жүзеге асырады. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімін жүргізудің тәртібі мен нысанын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітеді.

27. Осы Қағидалардың 1-тармағының 1) – 4) тармақшаларында көрсетілген нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне немесе оның аумақтық органдарына қазақ және орыс тілдерінде:

1) МО ИП арқылы электронды түрде – олар бекітілген күні;

2) қағаз түрінде – бекітілген күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынылады.

Алқалы мемлекеттік органдар және мәслихаттар қабылдайтын нормативтік құқықтық актілерді ұсыну мерзімі осы актілер қабылданған алқалы органның отырысы немесе мәслихаттың сессиясы өткізілген күннен бастап жеті жұмыс күнінен аспайды.

Нормативтік құқықтық акт мүдделі мемлекеттік органдармен келісілген не бірлескен акт қабылданған жағдайда, көрсетілген акт мемлекеттік тіркеуге:

1) МО ИП арқылы электронды түрде – бекітілген күні мүдделі мемлекеттік органдардың соңғысы келіскен не қол қойған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде;

2) қағаз түрінде – мүдделі мемлекеттік органдардың соңғысы келіскен не қол қойған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынылады.

28. Әділет органдарына мемлекеттік тіркеуге нормативтік құқықтық акт мынадай бөліктерде электрондық құжат түрінде ұсынылады:

1) нормативтік құқықтық актінің электрондық бланкідегі мазмұндық бөлігі тек \*.docx форматында;

2) Құжаттама жасау қағидаларында көзделген форматтарда қоса берілген файлдардың мазмұндық бөлігі;

3) қалыптастырылған электрондық тіркеу бақылау карточкасы арқылы деректемелік бөлік.

29. МО ИП-қа қолжетімділік болмаған және/немесе "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі болған жағдайларда қағаз түріндегі нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу үшін әділет органдарына нормативтік құқықтық актінің қазақ және орыс тілдеріндегі төлнұсқасы ілеспе хатпен Қағидалардың 7-тармағында көзделген құжаттармен бірге үш данада ұсынылады.

Нормативтік құқықтық актіні бірнеше мемлекеттік орган қабылдаған жағдайда, осы нормативтік құқықтық актіні қабылдаған мемлекеттік органдардың қалғандарының санына сәйкес келетін даналары қосымша ұсынылады.

30. Осы Қағидалардың және Құжаттама жасау қағидаларының талаптарына сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, мемлекеттік тіркеуге келіп түскен

нормативтік құқықтық акт әзірлеуші мемлекеттік органға немесе әзірлеуші негізгі жауапты мемлекеттік органға пысықтау мақсатында қайтарылады.

Нормативтік құқықтық актіні пысықтау кезеңінде мемлекеттік тіркеу мерзімі тоқтатыла тұрады және мемлекеттік тіркеуге қайта ұсынылған жағдайда қайта жаңартылады.

Нормативтік құқықтық актіні пысықтау мүдделі мемлекеттік органдармен қайта келісуді жүргізу уақытын қоса алғанда, 5 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізіледі.

31. Келіп түскен нормативтік құқықтық актіні тікелей әзірлеуші мемлекеттік орган немесе негізгі жауапты әзірлеуші мемлекеттік орган белгіленген мерзімде пысықтау мақсатында кері қайтарып алуы мүмкін.

Заңның 22 - 28-баптарында көзделген нормативтік құқықтық актіні ресімдеу бөлігіндегі талаптарға сәйкессіздік анықталған жағдайда, пысықтау мақсатында да нормативтік құқықтық актіні әділет органы қайтарады немесе оны әзірлеуші мемлекеттік орган (негізгі әзірлеуші жауапты мемлекеттік орган) кері қайтарып алады.

32. Нормативтік құқықтық актіні пысықтауға қайтарумен келіспеген жағдайда, мүдделі әзірлеуші мемлекеттік органдар одан әрі шаралар қабылдау жөнінде келісілген ұстанымды әзірлеу мақсатында әділет органдарының қатысуымен келісу консультацияларын жүргізеді.

33. Нормативтік құқықтық актіні қабылдаған орган сараптамалық кеңестердің және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының сараптамалық қорытындысымен, сондай-ақ қоғамдық кеңестің ұсынымдарымен келіспеген жағдайда, нормативтік құқықтық актіге келіспеу себептерінің негіздемелері бар хатты (жауапты) қоса береді.

34. Әділет органдары Заңның 44-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларда нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеуден бас тартады және МО ИП арқылы орталық немесе жергілікті органдарға бас тартудың себептерін көрсете отырып, электрондық құжат нысанында хат жібереді.

Қағаз құжат айналымы жағдайында нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы хат қағаз түрінде ресімделеді және нормативтік құқықтық актінің бір данасы әділет органдарында қалады.

35. Электрондық құжат айналымы жағдайында мемлекеттік тіркеуден бас тарту алынған кезде әзірлеуші мемлекеттік орган немесе бірлескен нормативтік құқықтық актіні қабылдауға уәкілетті мемлекеттік органдар нормативтік құқықтық актіні жояды және мемлекеттік тіркеуден бас тартылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде электрондық тіркеу бақылау карточкасына тиісті мәліметтерді енгізеді.

Алқалы мемлекеттік органдар және мәслихат кезекті (кезектен тыс) отырыста немесе сессияда бекіткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде электрондық тіркеу бақылау карточкасына нормативтік құқықтық актіні жою туралы тиісті мәліметтерді енгізеді.

Қағаз құжаты айналымы жағдайында әділет органдарына Қағидалардың осы тармағының бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген мерзімде нормативтік құқықтық актінің күшін жою туралы актінің көшірмесі ұсынылады.

Алынған бас тартуға сот тәртібінде шағым жасалған жағдайда бұл мерзімдер тоқтатыла тұрады.

36. Қайтару, пысықтауға қайтарып алу үшін негіз болған бұзушылықтар жойылғаннан кейін әділет органдары пысықталған нормативтік құқықтық актіні ол келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік тіркеуді жүргізеді.

37. Нормативтік құқықтық актіні орталық орган үшін – Қазақстан Республикасының Әділет министрі немесе оның орынбасары (вице-министр), жергілікті орган үшін – аумақтық әділет органының басшысы не оның міндетін атқарушы адам мемлекеттік тіркеу туралы шешім қабылдаған кезде нормативтік құқықтық актіге мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі МО ИП-та электронды түрде беріледі және электрондық тіркеу бақылау карточкасында көрсетіледі.

Қағаз құжат айналымы жағдайында да тиісті нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу әділет органының мемлекеттік тіркеу туралы шешім қабылдауын (нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу туралы қорытындыны бекітуді) және негізгі нормативтік құқықтық акт төлнұсқасының әр данасының бірінші парағының жоғары оң жақ бұрышына нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу туралы мөртаңба қоюды қамтиды.

Нормативтік құқықтық актінің жіберілетін әрбір данасына нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу туралы қорытынды қоса беріледі.

Қағаз түрінде тіркелген нормативтік құқықтық актінің бір данасы тиісті әділет органында сақталады, ал басқа даналары әзірлеуші мемлекеттік органға (негізгі жауапты әзірлеуші мемлекеттік органға) жіберіледі.

Қағаз түріндегі нормативтік құқықтық актілер үшін құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу туралы қорытындының және мөртаңбаның нысандарын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітеді.

38. Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен нормативтік құқықтық актіге қатысты "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны Заңның 53-бабының негізінде мемлекеттік есепке алуды жүргізеді.

## **2-параграф. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің күшін жою тәртібі**

39. Әділет органдарында тіркелген нормативтік құқықтық актіде Заңның 44-бабы 3-тармағының 1) – 4) тармақшаларында көзделген бұзушылықтарды әділет органдары анықтаған кезде әділет органдары қолданыстағы заңнамада көзделген өкілеттіктеріне сәйкес тиісті нормативтік құқықтық актіні қабылдаған мемлекеттік органды бұзушылықтарды жою қажеттілігі туралы жазбаша хабардар етеді.

Әділет органдары хабарламада белгілейтін мерзім оның мемлекеттік органға келіп түскен кезінен бастап он жұмыс күнінен кем болмауға тиіс.

Мемлекеттік орган хабарламада көрсетілген мерзім ішінде әділет органдарына тиісті құжаттарды қоса бере отырып, қабылданған шаралар туралы жазбаша хабарлайды.

Хабарламада көрсетілген мерзімде мемлекеттік орган нормативтік құқықтық актіні Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес келтіру жөнінде шаралар қабылдамаған жағдайда, әділет органдары он жұмыс күні ішінде тиісті қорытынды шығарады және сотқа осындай нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеудің күшін жою туралы өтініш береді.

40. Нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеудің күшін жою туралы қорытындының нысанын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітеді.

41. Нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеудің күшін жою туралы сот шешімі күшіне енгеннен кейін әділет органдары сот шешімін алған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде:

1) нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеудің күшін жою туралы жазбаны нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне енгізеді;

2) нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеудің күшін жою туралы мәліметтерді ресми жариялау үшін мемлекеттік кәсіпорынға жібереді.

42. Мемлекеттік тіркелуінің күші жойылған нормативтік құқықтық акт әділет органдарына мемлекеттік тіркеуге осы Қағидалардың талаптарына сәйкес қайтадан ұсынылады.

43. Мемлекеттік тіркелуінің күші жойылған нормативтік құқықтық акт қолдануға жатпайды.

## **Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, олардың келісілу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, олардың келісілу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – "Құқықтық актілер туралы" Заң) 21-бабының 7-тармағына сәйкес әзірленді және заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу және олардың келісілу тәртібін айқындайды.

#### **2. Мыналар:**

1) Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтары;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары (бұдан әрі – қаулылардың жобалары);

3) Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және өзге де орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық қаулылары, Қазақстан Республикасы министрлерінің және өзге де орталық мемлекеттік органдар басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары, орталық мемлекеттік органдардың ведомстволары басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары (бұдан әрі – орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жобалары);

4) мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдері, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулылары, әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдері және тексеру комиссияларының нормативтік құқықтық қаулылары (бұдан әрі – жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жобалары ) заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобалары болып табылады.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтарының жобаларын әзірлеу, келісу және қол қоюға ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 27 сәуірдегі № 976 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауының жобасын дайындау, келісу және Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсыну, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларының жобаларын дайындау, келісу, қол қоюға ұсыну, Қазақстан

Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауын іске асыру, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларының орындалуын бақылауды жүзеге асыру және Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтарына мониторинг жүргізу қағидаларында айқындалады.

4. Құпиялылық белгілері немесе "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгілері бар заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу және келісу Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы заңнамасының ерекшеліктері ескеріле отырып және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1196 қаулысымен бекітілген Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

## **2-тарау. Қаулылардың жобаларын әзірлеу**

5. Қаулылардың жобаларын әзірлеу Қазақстан Республикасының Конституциясы, заңнамалық актілер, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілері негізінде және оларды орындау үшін жүзеге асырылады.

6. Қаулылардың жобаларын мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыретіне сәйкес егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, өз бастамалары немесе жоғары тұрған мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың тапсырмалары бойынша әзірлейді.

Қаулылардың жобаларын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі (бұдан әрі – Кеңсе) әзірлеуі мүмкін.

7. Әзірлеуші мемлекеттік орган қаулы жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құрады немесе оны дайындауды өзінің құрылымдық бөлімшелеріне тапсырады.

8. Қазақ тіліндегі қаулылар жобаларының әзірлену сапасын, қазақ және орыс тілдері қағидаларының сақталуын, қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің теңтүпнұсқалылығын әзірлеуші мемлекеттік органдар қамтамасыз етеді.

9. Әзірлеуші мемлекеттік орган қаулы жобасын мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жіберумен бір мезгілде қаулы жобасын, түсіндірме жазба мен бұрынғы және жаңа редакцияның салыстырма кестесін (қолданыстағы қаулыға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда) қазақ және орыс тілдерінде өзінің интернет-ресурсына, сондай-ақ ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталына орналастырады.

10. Әлеуметтік мәні бар қаулы жобасы бойынша интернет-ресурста ( веб-сайтта) қазақ және орыс тілдерінде, қажет болған жағдайда – өзге де тілдерде баспасөз релизі қосымша орналастырылады.

Әлеуметтік мәні бар қаулы жобасы деп адамның және тұтастай қоғамның құқықтары мен мүдделерін тікелей немесе жанама түрде қозғайтын қаулы жобасын түсінген жөн.

11. "Құқықтық актілер туралы" Заңның 20-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша әзірлеуші мемлекеттік орган қоғамдық кеңестің ұсынымдарын алуды қамтамасыз етеді.

12. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын қаулылардың жобалары сараптамалық қорытынды алу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына және жеке кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестерге (бұдан әрі – сараптамалық кеңес) жіберіледі. Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, сараптамалық кеңестердің сараптамалық қорытындылары ұсынымдық сипатта болады және қаулы жобасы қабылданғанға дейін оған міндетті қосымша болып табылады.

Әзірлеуші мемлекеттік орган Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, сараптамалық кеңестердің сараптамалық қорытындылары келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде оларды өзінің интернет-ресурсына орналастырады. Олармен келіспеген жағдайда қабылдамау себептерін дәлелдермен негіздей отырып жауап жібереді және оны интернет-ресурста орналастырады.

Сараптамалық кеңестер, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы сараптамалық қорытындыны белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда , қаулы жобасы ескертулерсіз келісілді деп есептеледі.

13. Тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің саудасына немесе зияткерлік меншік құқықтарына қатысты қаулылардың жобалары, егер Қазақстан Республикасының заңдарында және ратификацияланған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, жария талқылау үшін олар қабылданғанға дейін кемінде күнтізбелік 30 күн қалғанда әзірлеуші мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарына орналастырылады.

14. Қабылдануының салдарынан экологиялық, оның ішінде радиациялық қауіпсіздікке, қоршаған ортаны қорғауға қауіп төнуі мүмкін қаулылардың жобаларына міндетті ғылыми экологиялық сараптама жүргізілуге тиіс.

Іске асырылуы қоршаған ортаға келеңсіз әсер етуге әкеп соғуы мүмкін қаулылардың жобаларына міндетті мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізілуге тиіс.

15. Реттеуіш құралды енгізуді немесе кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттеуді қатаңдатуды жүзеге асыруды көздейтін қаулылардың жобалары бойынша кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен алдын ала реттеушілік әсерді талдау рәсімі жүргізіледі.

Реттеушілік әсерді талдау нәтижелері реттеуші мемлекеттік органдардың және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның интернет-ресурстарында орналастырылады.

### **3-тарау. Қаулылардың жобаларын келісу**

16. Қаулылардың жобалары заңнамада белгіленген құзыреттеріне орай мүдделі мемлекеттік органдармен олардың интранет-порталында (бұдан әрі – МО ИП) электрондық құжаттар нысанында келісіледі, бұл ретте қаулы жобасын келісудегі мұндай мүдделілік қаулы жобасында қаралатын мәселелердің нысанасы негізге алына отырып, сондай-ақ қаулы жобасында мемлекеттік органдарының немесе олардың басшыларының атына тапсырмалар болған кезде белгіленеді.

17. Қаулы жобасын әзірлеуші мемлекеттік орган МО ИП-да заң қызметі басшысының (не оның міндетін атқарушы адамның) және мемлекеттік орган басшысының мемлекеттік органдардың куәландырушы орталығының электрондық цифрлық қолтаңбасын (бұдан әрі – ЭЦҚ) қолдана отырып куәландырылған электрондық құжаттар нысанындағы қаулы жобасын, оған түсіндірме жазбаны және басқа да қажетті құжаттарды орналастырады және МО ИП арқылы тиісті мемлекеттік органдарға келісуге жібереді, ал ұйымдарға келісуге Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 703 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларында (бұдан әрі – Құжаттама жасау қағидалары) белгіленген тәртіппен расталған электрондық құжаттың қағаз көшірмесі жіберіледі.

Мемлекеттік органда заң қызметі болмаған жағдайда қаулы жобасы, оған түсіндірме жазба және басқа да қажетті құжаттар жауапты құрылымдық бөлімше басшысының (не оның міндетін атқарушы адамның) ЭЦҚ-сымен куәландырылады.

18. Нормативтік құқықтық қаулылардың жобалары Конституцияға, заңнамалық актілерге, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің актілеріне сәйкестігі тұрғысынан заңдық сараптама жүргізуге жауапты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен, сондай-ақ республикалық бюджет кірістерін қысқарту немесе шығыстарын ұлғайту тұрғысынан қаулылардың



жобаларын республикалық бюджет қаражатымен қамтамасыз етуге жауапты Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен міндетті түрде келісуге жатады.

19. Мемлекеттік басқару және жоспарлау, әлеуметтік-экономикалық және өңірлік саясат мәселелеріне қатысты нормативтік құқықтық қаулылардың жобалары Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігімен міндетті түрде келісуге жатады.

20. Қаулы жобасының мәтініне республикалық бюджет кірістерін қысқартуға немесе шығыстарын ұлғайтуға әкелетін өзгерістер енгізілген жағдайда, қаулы жобасы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен қайта келісуді және Республикалық бюджет комиссиясының оң хаттамалық шешімін қажет етеді.

21. Мемлекеттік органдарға келісуге енгізілетін, қазақ және орыс тілдерінде дайындалған қаулылардың жобалары мыналарды қамтуға тиіс:

1) Үкімет қаулысының жобасы;

2) көлемі 3 (үш) парақтан, ал күрделі мәселелер бойынша 5 (бес) парақтан аспайтын, Премьер-Министрдің атына ресімделген және мемлекеттік органның бірінші басшысы немесе облыстың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімі қол қойған түсіндірме жазба, онда мәселенің нысанасы, әлеуметтік-экономикалық және қажет болған кезде саяси-құқықтық, экологиялық, демографиялық және өзге де негіздемелер, жобаны қабылдаудан күтілетін салдардың болжамы толық баяндалады. Бұдан басқа, түсіндірме жазбада мынадай негізгі мәліметтер қамтылуға тиіс:

әзірлеуші мемлекеттік органның атауы;

тиісті нормативтік құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың нормаларына, Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне, Үкімет пен Кеңсе басшылығының хаттамалық және өзге де тапсырмаларына жасалған сілтемесі бар жобаны қабылдаудың негіздемелері және/немесе оны қабылдау қажеттілігінің басқа да негіздемелері (Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдері, Үкімет пен Кеңсе басшылығының хаттамалық және өзге де тапсырмалары түсіндірме жазбаға қоса беріледі);

жоба бойынша қаржылық шығындардың қажеттілігі және оның қаржылық қамтамасыз етілуі, оның ішінде қаржыландыру көзі, сондай-ақ қажет болған жағдайда Республикалық бюджет комиссиясының шешімі (тиісті есептемелер, қаржыландыру көзіне сілтеме, Республикалық бюджет комиссиясы шешімінің көшірмесі міндетті түрде түсіндірме жазбаға қоса беріледі);

жоба қабылданған жағдайда болжанатын салдар;

нақты мақсаттар мен күтілетін нәтижелердің мерзімі;

жобада қаралатын мәселелер және оларды іске асыру нәтижелері бойынша Президенттің және/немесе Үкіметтің бұрын қабылданған актілері туралы мәліметтер;

енгізіліп отырған жоба қабылданған жағдайда, заңнаманы оған сәйкес келтіру қажеттігі (басқа нормативтік құқықтық актілерді қабылдау немесе қолданыстағы актілерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу талап етілетінін-етілмейтінін көрсету) не мұндай қажеттіліктің болмауы;

ұсынылған халықаралық шарттың жобасын кейіннен ратификациялау қажеттігі туралы ақпарат;

мемлекеттік құпияларды және (немесе) қызметтік ақпаратты қамтитын жобаларды қоспағанда, Кеңсе Басшысы мен Байланыс және ақпарат министрлігінің 2011 жылғы 20 мамырдағы № 25-1-32қбпү/22П-қбпү бірлескен бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Үкіметінің мобильдік кеңсесі" ақпараттық жүйесінде беруге рұқсат етілген қызметтік ақпарат тізбесіне сәйкес жобаларды және оларға материалдарды "Қазақстан Республикасы Үкіметінің мобильдік кеңсесі" ақпараттық жүйесі арқылы Үкімет мүшелерінің мобильдік құрылғыларына беру мүмкіндігі;

қаулы жобасының мемлекеттік органның интернет-ресурсында, сондай-ақ ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастырылғаны туралы ақпарат (күні, байт саны);

тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің саудасына немесе зияткерлік меншік құқықтарына қатысты жобаның, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар қаулы жобасына баспасөз релизінің уәкілетті мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылғаны туралы ақпарат;

қаулы жобасының Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне сәйкестігі.

Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын қаулы жобасына түсіндірме жазба міндетті түрде Үкімет актісінің қолданысқа енгізілуіне байланысты жеке кәсіпкерлік субъектілері шығындарының азаюын және (немесе) ұлғаюын растайтын есептемелердің нәтижелерін қамтуға тиіс.

Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және сараптамалық кеңестердің сараптамалық қорытындысымен келіспеген жағдайда, жобаны әзірлеуші жобаға түсіндірме жазбада сараптамалық қорытындымен келіспеу себептерінің дәлелді негіздемесін келтіруге тиіс.

Сараптамалық қорытындыларда көрсетілген ескертулер жойылған жағдайда, жобаны әзірлеуші қаулы жобасына түсіндірме жазбада аталған ескертулердің жойылғанын көрсетуге тиіс;

3) Үкіметтің қолданыстағы актілеріне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуді көздейтін қаулы жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы № 1300 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламентіне (бұдан әрі – Регламент) 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың тиісті негіздемесімен қаулының (қаулылардың) бұрынғы және жаңа редакцияларының салыстырма кестесі;

жобаның әрбір абзацына қатысты негіздеме, оның ішінде нормативтік құқықтық акт болса – тиісті заңнамалық немесе заңға тәуелді актінің нормасына міндетті сілтемемен, сондай-ақ дәйексөзбен келтірілуге тиіс;

Үкімет қаулыларымен бекітілген туынды нормативтік құқықтық актілердің жаңа редакциясы енгізілген кезде де жаңа редакциядағы қаулының әрбір абзацын тиісті түрде негіздей отырып (оның ішінде нормативтік құқықтық акт болған кезде – тиісті заңнамалық немесе заңға тәуелді актінің нормасына міндетті сілтеме, сондай-ақ одан дәйексөз келтіре отырып), туынды нормативтік құқықтық актілердің бұрынғы және жаңа редакцияларының әзірлеуші мемлекеттік орган басшысының жетекшілік ететін орынбасары қол қойған салыстырма кестесін қоса беру қажет;

4) егер жобада қаулының (қаулылардың) күшін жою көзделетін жағдайда, жобаны қабылдау қажеттілігіне негіздемені қамтитын анықтама;

5) қаулы жобасы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын жағдайда, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен сараптамалық кеңестердің сараптамалық қорытындылары. Сараптамалық қорытындымен келіспеген жағдайда, қаулы жобасын әзірлеуші мемлекеттік орган сараптамалық қорытындымен келіспеу себептерінің дәлелді негіздемесін келтіруге тиіс. Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен сараптамалық кеңестердің қорытындылары белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, олар қоса берілмейді;

б) қаулы жобасы "Қоғамдық кеңестер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында мемлекеттік органда қоғамдық кеңес құру көзделмеген жағдайлардан басқа, азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен міндеттерін қозғайтын болса, әзірлеуші мемлекеттік органға ұсынылған жағдайда қоғамдық кеңестің ұсынымдары;

Ұсынымдармен келіспеген жағдайда жобаны әзірлеуші мемлекеттік орган келіспеу себептерінің дәлелді негіздемесін келтіруге тиіс. Қоғамдық кеңестің ұсынымдары белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, қоса берілмейді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ғылыми сараптама жүргізу міндетті болған жағдайда, халықаралық шарттың жобасы бойынша не Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарт

бойынша жүргізілген ғылыми сараптама нәтижелері бойынша сараптамалық қорытынды;

8) Регламенттің 4.2-бөліміне сәйкес өзге мемлекеттік органдардың қорытындылары (келіспеушіліктер хаттамасы, сондай-ақ келісуші мемлекеттік органның ескертулері бойынша өзара тиімді шешім іздеу мақсатында өткізілген кеңестің хаттамасы);

9) орындау үшін қаулы жобасы әзірленген тапсырмалардың (хаттамалардың және т.б.) көшірмелері;

10) қаулы жобасына Парламент Мәжілісінің және Президенттің қарауына заң жобалары мен жарлық жобалары енгізілетін жағдайларда келісу парағы (pdf форматында). Бұл ретте заң жобасына немесе жарлық жобасына келісу парағына қағаз жеткізгіште мемлекеттік органдардың бірінші басшылары немесе облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдері қолбелгі қояды;

11) қаулы жобасы бойынша Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес реттеушілік әсерге талдау жүргізілген жағдайда, Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) хаттамалық шешімі және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның реттеуші мемлекеттік органдардың белгіленген рәсімдерді сақтауы туралы қорытындысы, сондай-ақ реттеушілік әсерді талдау нәтижелері.

Қаулы жобасының және оған заң жобаларын, Қазақстан Республикасының Президенті актілерінің жобаларын қамтитын, "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар қосымшалардың әрбір парағын әзірлеуші мемлекеттік органның бірінші басшысы немесе облыстың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімі дәйектейді.

22. Қаулы жобасын келісуге алған кезде мемлекеттік органдар басқа мемлекеттік органдармен оны алдын ала келісуді талап етпеуге, формальды және өзге де негізсіз себептермен жобаны келісуден бас тартпауға тиіс.

23. Қаулы жобаларын мемлекеттік органдарда қарау және келісу олар түскен күнінен бастап мынадай мерзімнен аспауға тиіс:

1) Регламентте көзделген жағдайларды қоспағанда, қаулы жобалары – 10 (он) жұмыс күні;

2) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою, сондай-ақ гуманитарлық көмек мәселелері бойынша қаулы жобалары – 3 (үш) жұмыс күні.

Мемлекеттік органдармен бұрын келісілген қаулы жобаларын қайта келісу мерзімі (мемлекеттік органның құзыретіне кірмейтін бөлікте жоба мәтінінің өзгеруіне байланысты) 3 (үш) жұмыс күнінен аспауға тиіс.

24. Қаулы жобасын қараудың қорытындысы бойынша келісуші мемлекеттік орган мынадай жауап нұсқаларының бірін ұсынуға тиіс:

1) жоба ескертулерсіз келісілуі мүмкін. Мемлекеттік органның бірінші басшысы, немесе оның орынбасары, немесе жауапты хатшы не мемлекеттік органның аппарат басшысы немесе облыстың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімі ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, МО ИП-та электрондық құжат нысанындағы жобаны келіседі.

Бұл ретте, әзірлеуші мемлекеттік органмен келісу бойынша жоба келісуші мемлекеттік орган ұсынған редакцияда келісілуі мүмкін. Бұл жағдайда келісуші мемлекеттік орган жобаның не оның жеке бөлігінің жаңа редакциясын қоса береді;

2) бар ескертулерді жою үшін жоба пысықтауға жіберілуі мүмкін. Бұл ретте МО ИП-та келісуші орган ескертулерді орналастырады, онда оларды жою жөніндегі ұсыныстар міндетті түрде қамтылуға тиіс және оған ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, келісуші мемлекеттік органның бірінші басшысы, немесе оның орынбасары, немесе жауапты хатшы не мемлекеттік органның аппарат басшысы қол қояды. Бұл жағдайда әзірлеуші ескертулермен келіскен кезде жобаларды пысықтау МО ИП-та жүзеге асырылады, бұдан кейін әзірлеуші МО ИП-та мемлекеттік органның бірінші басшысының, немесе оның орынбасарының, немесе жауапты хатшының не мемлекеттік органның аппарат басшысының ЭЦҚ-сын куәландыра отырып қол қойылған жобаның пысықталған (келесі) нұсқасын орналастырады және оны мемлекеттік органдарға қайта келісуге жолдайды;

3) жобаны келісуден бас тартылды. Бұл ретте келісуші мемлекеттік орган МО ИП-та келісуден бас тарту уәждемесі бар келісуден бас тарту белгісін қояды және ол келісуші мемлекеттік органның бірінші басшысының, немесе оның орынбасарының, немесе жауапты хатшының не мемлекеттік органның аппарат басшысының ЭЦҚ-сымен куәландырылады.

Келісуші мемлекеттік органдарға қаулылар (өкімдер) жобаларын " ескертулермен" келісуге тыйым салынады.

25. Келіспеушіліктер болған кезде әзірлеуші мемлекеттік орган өзара тиімді шешім іздеу мақсатында оны келісуші органдармен талқылауды қамтамасыз етуге тиіс. Өзара тиімді шешімге қол жеткізілмеген кезде әзірлеуші мемлекеттік орган келісуші органдармен бірлесіп, келіспеушіліктер хаттамасын жасайды, оны МО ИП-та жобаға орналастырады. Электрондық құжат нысанындағы келіспеушіліктер хаттамасы МО ИП-та мемлекеттік органдар басшыларының ЭЦҚ-сымен куәландырылады.

26. Келісу жүргізілгеннен кейін келісуші мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының (не олардың міндетін атқарушы адамдардың) ЭЦҚ-сымен бұрыштама қою үшін әзірлеуші мемлекеттік орган жобаның МО ИП арқылы түпкілікті келісуге жіберілуін қамтамасыз етеді және келісуші мемлекеттік

органдардың қорытындыларымен (келіспеушіліктер хаттамаларымен) және тиісті қосымшалармен бірге электрондық құжат нысанында МО ИП арқылы Кеңсеге енгізеді. Бұл ретте жобаны келісудің түпкілікті мерзімі үш жұмыс күнінен аспауға тиіс. Заң жобаларын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін қамтитын жобалар жобалары Мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі арқылы қағаз және электрондық форматтарда (нысандарда) енгізіледі.

#### **4-тарау. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеу**

27. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеу бойынша орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың құзыреті "Құқықтық актілер туралы" Заңның 17-бабының 3-тармағында, 21-бабының 1-тармағында және 34-бабының 3-тармағында көзделген тәртіппен анықталады.

28. Нормативтік құқықтық актілердің жобалары оларды ресімдеуге қойылатын "Құқықтық актілер туралы" Заңның 22-28-баптарында көзделген талаптарды сақтай отырып, қазақ және орыс тілдерінде әзірленеді.

29. Нормативтік құқықтық актілер жобаларының қазақ тілінде әзірленуінің сапасын, қазақ және орыс тілдеріндегі қағидалардың сақталуын, қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің теңтүпнұсқалылығын әзірлеуші мемлекеттік органдар қамтамасыз етеді.

30. Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу мен қабылдаудың тәртібі және ерекшеліктері "Құқықтық актілер туралы" Заңның 18-20-баптарында және тиісті саладағы құқықтық қатынастарды реттейтін заңнамалық актілерде анықталады.

31. Кәсіпкерлік субъектіге қатысты реттегіш құралды және оған байланысты талаптарды енгізуді немесе реттеуді қатаңдатуды көздейтін нормативтік құқықтық актінің жобасы бойынша мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарға келісу үшін жіберілгенге дейін Кодекстің 82 және 83-баптарының талаптары ескеріле отырып, реттеушілік әсерге талдау жүргізіледі.

Реттеушілік әсерді талдаудың нәтижелерімен келіспеген жағдайда, кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган реттеушілік әсерге баламалы талдау жүргізеді.

Жүргізілген реттеушілік әсерді талдаудың нәтижелері әзірлеуші орган мен кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның және Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының интернет-ресурстарында орналастырылады.

32. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша әзірлеуші мемлекеттік орган Кодекстің 64 және 66-баптарында анықталатын тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық

кәсіпкерлер палатасының және осы органның жанындағы сараптамалық кеңес мүшелерінің сараптамалық қорытындыларын алуды қамтамасыз етеді.

33. Әзірленген нормативтік құқықтық актінің жобасы мүдделі мемлекеттік органдарға және ұйымдарға келісуге жіберілгенге дейін ашық нормативтік құқықтық актілердің интранет-порталында орналастырылады.

Өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актінің жобасы әзірленген жағдайда да енгізілетін әрбір өзгеріске және/немесе толықтыруға негіздемелерді көрсете отырып, осы жобаға салыстырма кесте орналастырылады.

Әзірленген жобаны және оған қосымша берілетін құжаттарды қазақ және орыс тілдерінде орналастыру қамтамасыз етіледі.

34. "Құқықтық актілер туралы" Заңның 20-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша әзірлеуші мемлекеттік орган қоғамдық кеңестің ұсынымдарын алуды қамтамасыз етеді.

Тиісті ақпарат осы Қағидалардың 41-тармағына сәйкес әзірленген нормативтік құқықтық актінің жобасына қоса берілетін анықтамаға енгізіледі.

35. Қабылдануының салдарынан экологиялық, оның ішінде радиациялық қауіпсіздікке, қоршаған ортаны қорғауға қауіп төнуі мүмкін нормативтік құқықтық актілердің жобаларына міндетті ғылыми экологиялық сараптама жүргізілуге тиіс.

Іске асырылуы қоршаған ортаға келеңсіз әсер етуге әкеп соғуы мүмкін нормативтік құқықтық актілердің жобаларына міндетті мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізілуге тиіс.

## **5-тарау. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын келісу**

36. Әзірленген нормативтік құқықтық актілердің жобалары мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарға, сондай-ақ алынған қоғамдық кеңестердің ұсынымдары немесе сараптамалық кеңес мүшелерінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының сараптамалық қорытындылары әзірлеуші мемлекеттік органға ұсынылған жағдайда, оларды қоса бере отырып әділет органдарына келісуге жіберіледі.

37. Нормативтік құқықтық актінің жобасын мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен келісу олардың құзыреттеріне қарай жүзеге асырылады, бұл ретте нормативтік құқықтық актінің жобасын келісудегі мұндай мүдделілік онда қаралатын мәселелердің нысанына сүйене отырып, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің талаптарын ескере отырып, оның ішінде міндетті сараптама түрлерін жүргізуге қатысты белгіленеді.

Өкілдері өздерінің сараптамалық қорытындыларын сараптамалық және қоғамдық кеңестердің құрамына қатысу шеңберінде берген мүдделі ұйымдарға нормативтік құқықтық актілердің жобалары келісуге жіберілмейді.

38. Мүдделі мемлекеттік органдарға келісу үшін жібергенге дейін мемлекеттік әзірлеуші орган өзінің интернет-ресурсында және жалпыға қолжетімді интернет-ресурстарда әзірленген нормативтік құқықтық актінің жобасы туралы баспасөз релизін ашық нормативтік құқықтық актілердің интранет-порталына сілтемемен бірге орналастырады.

Баспасөз релизі қазақ және орыс тілдерінде орналастырылады.

Әзірлеуші мемлекеттік орган әзірленген нормативтік құқықтық актінің жобасы туралы ақпаратқа халықтың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында баспасөз релизін өз бастамасымен ағылшын тілінде орналастыруы мүмкін.

39. Сараптамалық кеңестермен, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және басқа да мүдделі ұйымдармен, сондай-ақ кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу аяқталғаннан кейін кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттегіш құралды және оған қатысты талаптарды енгізуді немесе реттеуді қатандатуды көздейтін нормативтік құқықтық актінің жобасы Комиссияның қарауына енгізіледі.

Әзірленген жобаға реттеушілік әсерді талдаудың нәтижелері және интернет-ресурстарда орналастыру туралы ақпарат қоса беріледі.

40. "Құқықтық актілер туралы" Заңның 44-бабының негізінде әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге жататын әзірленген нормативтік құқықтық актілердің жобалары мемлекеттік тіркеуге жіберілгенге дейін олар әділет органдарымен міндетті түрде келісілуге тиіс.

Орталық әзірлеуші мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жобалары Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне міндетті түрде келісуге жіберіледі.

Жергілікті әзірлеуші мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жобалары аумақтық әділет органдарына міндетті түрде келісуге жіберіледі.

41. Әділет органдарына жіберілген кезде әзірленген жобаға "Құқықтық актілер туралы" Заңда және/немесе тиісті саладағы құқықтық қатынастарды реттейтін заңнамалық актіде жүргізілуі міндетті деп көзделген мүдделі ұйымдармен келісу нәтижелері, сараптамалық қорытындылары, ұсынымдар, бұрынғы және жаңа редакцияларының салыстырма кестесі (қолданыстағы нормативтік құқықтық актіге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда), жария талқылаудың және сараптамалардың нәтижелері қоса беріледі.



Нормативтік құқықтық актінің әзірленген жобасына ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталына орналастырылғаны туралы анықтама да қоса беріліп, орналастырылған күні көрсетіледі.

42. Келісуге нормативтік құқықтық акт жобасының туынды түрі де, оны бекітетін негізгі нормативтік құқықтық актінің жобасы да ұсынылады.

43. Әділет органдарына жіберілген кезде кәсіпкерлік субъектісіне қатысты реттегіш құралды және онымен байланысты талаптарды енгізу немесе реттеуді қатаңдату көзделетін нормативтік құқықтық актінің жобасына жүргізілген реттеушілік әсерді талдаудың және/немесе баламалы реттеушілік әсерді талдаудың нәтижелері және оны мақұлдау туралы Комиссияның хаттамалық шешімі қоса беріледі.

Келісу барысында алынған ұсынымдармен, ескертулермен және ұсыныстармен келіскен жағдайда, әзірлеуші мемлекеттік орган әділет органдарына нормативтік құқықтық актінің пысықталған жобасын жолдайды.

Алынған ұсынымдармен және/немесе сараптамалық қорытындылармен келіспеген жағдайда, әзірленген жобаға әзірлеуші мемлекеттік органның тиісті мүдделі органдардың және ұйымдардың атына жауаптары тиісті негіздемелермен қоса беріледі.

44. Электрондық құжат айналымы шеңберінде МО ИП арқылы мүдделі органдарға және ұйымдарға әзірленген жоба мен оған қоса берілетін құжаттар келісуге басшы орынбасарының немесе жауапты хатшының не тиісті мемлекеттік органның аппарат басшысының немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің ЭЦҚ-сымен куәландырылған қазақ және орыс тілдерінде \*.docx форматында жіберіледі.

Қағаз құжат айналымы кезінде жоғарыда көрсетілген құжаттар келісуге ілеспе хатпен жіберіледі. Бұл ретте нормативтік құқықтық акт жобасының барлық парақтарын тиісті жобаны келісуге жіберуші мемлекеттік органның заң қызметінің басшысы, ал ол болмаған жағдайда – оның міндетін атқарушы адам дәйектейді.

Мемлекеттік органда заң қызметі болмаған жағдайда, нормативтік құқықтық актінің жобасын тиісті нормативтік құқықтық актінің жобасын келісуге жауапты болып айқындалған тиісті құрылымдық бөлімшенің басшысы, ол болмаған жағдайда – оның міндетін атқарушы адам дәйектейді.

Жергілікті органда заң қызметі болмаған жағдайда, нормативтік құқықтық актінің жобасын осы органда заңгер функциясын атқаратын адам не мемлекеттік органның бірінші басшысы, не ол болмаған жағдайда – оның міндетін атқарушы адам дәйектейді.

Бірнеше уәкілетті органдар бірлесіп әзірлеген бірлескен нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келісуге оны әзірлеу үшін негізгі жауапты боп анықталған уәкілетті орган жібереді.

45. Мүдделі органдарға және ұйымдарға нормативтік құқықтық актінің жобасын келісуге формальды немесе өзге де негізсіз себептермен, оның ішінде басқа мүдделі органдармен және ұйымдармен келісу қажеттілігіне сілтемемен бас тартуға жол берілмейді.

46. Мүдделі мемлекеттік органдар және ұйымдар әзірленген жобаны келісуді, егер заңнамада өзге мерзім белгіленбесе не жоғары тұрған мемлекеттік органдардың (лауазымды адамдардың) тапсырмаларынан туындамаса, келіп түскен күнінен бастап он жұмыс күні ішінде жүргізеді.

47. Тиісті аумақта карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу (күшін жою) туралы, Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларда карантинді және (немесе) шектеу іс-шараларын белгілеу (алып тастау) туралы шешімдер қабылдауды көздейтін әзірленген жобаны келісу, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялау келіп түскен күнінен бастап бір жұмыс күні ішінде жүргізіледі, бұл ретте мүдделі мемлекеттік органдарға және әділет органдарына бір уақытта жіберілуі шарт.

48. Нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп тану, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілердің немесе олардың жекелеген нормаларының қолданысын тоқтата тұру туралы нормативтік құқықтық акт жобасын келісу келіп түскен күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

49. Алынған ұсынымдар, ескертулер және ұсыныстар ескеріле отырып, сондай-ақ олармен келіспеген жағдайда, пысықталған нормативтік құқықтық актінің жобасын қайтадан келісу қайта келісуге келіп түскен күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Алынған ұсынымдармен, ескертулермен және ұсыныстармен келіспеген жағдайда, әзірлеуші мемлекеттік орган тиісті мүдделі мемлекеттік органдармен және/немесе ұйымдармен келісу консультацияларын жүргізеді.

50. Мүдделі мемлекеттік органдармен қағаз түрінде келісу МО ИП-қа қолжетімділік болмаған кезде және (немесе) "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар нормативтік құқықтық актінің жобасын келісуге жіберген кезде жүргізіледі.

МОИП-қа қолжетімділік техникалық себептер бойынша болмаған жағдайда, әзірлеуші мемлекеттік орган қағаз түрінде алынған келісу нәтижелерін әзірленген нормативтік құқықтық акт жобасына қосымша ретінде электрондық түрде ресімдеу бойынша шаралар қабылдайды.

51. Нормативтік құқықтық актінің жобасын қарау қорытындылары бойынша мүдделі келісуші мемлекеттік орган немесе ұйым мемлекеттік әзірлеуші органға мынадай жауап нұсқаларының бірін жіберуге тиіс:

- 1) ескертусіз келісілсін;
- 2) пысықтауға қайтарылсын;
- 3) келісуден бас тартылсын.

Пысықтауға қайтару немесе келісуден бас тарту туралы жауап берген жағдайда нақты ескертулер және (немесе) негіздемелермен және (немесе) қаралған жобаның тиісті нормаларының ұсынылған редакцияларымен бірге ұсыныстар беріледі, олар келісуші мемлекеттік орган құзыретінің мәселелеріне тікелей қатысты болуы қажет.

Электрондық түрдегі жауаптар басшы орынбасарының немесе жауапты хатшының не тиісті мемлекеттік органның аппарат басшысының немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің ЭЦҚ-сымен, ал қағаз түрінде – жоғарыда көрсетілген лауазымды адамдардың қол қоюымен куәландырылады.

Қағаз құжат айналымы кезінде нормативтік құқықтық актіні келісудің нәтижелері Құжаттама жасау қағидаларына сәйкес ресімделеді.

52. Егер нормативтік құқықтық акт жобасына оның мағыналық мазмұнының өзгеруіне әкеп соғатын түзетулер енгізілген жағдайда, әзірлеуші мемлекеттік орган ескертусіз келісу туралы жауап алу мақсатында қайта келісу жүргізуге міндетті.

Әділет органдарынан ескертусіз келісу туралы жауап алынғаннан кейін нормативтік құқықтық актінің жобасы түпкілікті келісілген болып саналады.